

# Жастарды кәсіпке баулу үрдісінің негізгі құраушылары.



Орындаған: Сисембаева А.Ж

# Жоспары:



- ? 1. Еңбекке баулу ерекшелігі.
- ? 2. Еңбекке баулу үрдісінің ұйымдастыру формалары мен құралдары.
- ? 3. Оқушыларды еңбекке оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттары

Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында және жалпы білім беретін мектептер тұжырымдамасында қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрлерін оқып-үйрену үшін жағдайлар жасау, оқушылардың санасына туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ тілін, салт-дәстүрін меңгерту бұл мектеп алдындағы негізгі міндет болып саналады. Бұл сала бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары қолға алынып келгенімен, оны әлі де болса тереңдей білімді қажет етеді. Қазақ халқында бұрын "Технология" деп атамаса да, май шайқап, құрт жасау, киімді әр түрлі тәсілмен тігу, сәндеу, тері өңдеу, кесте және кілем тоқу, киіз басу, арқан есу, ши тоқу, бала бағу, т.б. секілді жұмыстарды атқарған. Қазіргі таңда дамыған елдердің ақпараттары мен технологияларын кеңінен қолдауына байланысты қойылып жатқан жаңа талаптар жастардың тек қана өндірістік міндеттерді жақсы атқарып қана қоймай, оған қосымша жобалай білу, шешім қабылдау, шығармашылық жұмыстарды да орындай білуі қажеттігін байқатады. Оқушыларды кәсіпке баулу жүйесі, оларды еңбекке даярлау жүйесінің үш бірдей компоненттерінің бірлігі арқасында жүзеге асырылады. Ол компоненттер: оқушылар, мақсат пен міндет, еңбекке даярлау мазмұны, оқытушылар және еңбекке даярлау құралдары, тәрбие, оқу, еңбек процестері, ұйымдастыру түрлері және басқару. Осы құрылым шеңберінде оқушылар мен үйірме, сынып жетекшілерінің бірлескен іс-қимылы жүзеге асырылады

Кәсіпке баулу - оқыту үрдісінің дамуын қамтамасыз ететіндіктен оның ұйымдастырылуы мынадай кәсіби талаптарды қанағаттандыруы қажет: 1. Бұйымның практикалық сипатын

2. Практикалық тапсырмаларды орындау мен алған білімді қалыптастыруда еңбектің шығармашылық бағыттылығын.

3. Еңбек іс-әрекетінің жалпы тәсілдерін

4. Дәстүрлі оқытуымен қатар ауыл мектептерінде белгіленген варианттар мен жеке дара оқытуды жүзеге асыру.

Оқыту процесі нәтижесінде технология жетістігі оқушы игілігіне айналады. Қазіргі заман мәдениетін бағдарлама негізінде жүзеге асыру үшін алдымен оны тереңінен зерделеу қажет. Технологияны білім құрылымының дербес элементі ретінде қарап, оған сипаттама беру қажет. Бұл жерде В.В.Краевскийдің пікірін негізге алуға болады. Автор білім мазмұнын әлеуметтік тапсырыстың педагогикалық моделі деп санайды. Білім мазмұны өзінің әлеуметтік маңызына орай педагогикалық мән-мағынаға ие. Осыған орай оқу заңдылықтарына тәуелді келеді.

Қазіргі кезде оқу пәндерінің циклі жекеленген оқу пәндерінен тұрады, яғни ол технология, техникалық сызу және материалдарды жүргізу сияқты пәндерді қамтиды. Мұның бәрі, сайып келгенде, адамның кісілік келбетін жоғарылата түседі. «Оқушылардың әртүрлі іс-әрекеттерінде белгілі бір материалды пайдалану арқылы оқушылардың даярлығы» ұғымы: озық дәстүрлерде қалыптасқан жеке тұлғаны қалыптастырудың жалпы гумандық мұраттарына сай іске асыруға мүмкіндік беретін біріктірілген (интеграциялы) қасиеті (Мағауова А.С.) «Қазіргі уақыттың мәнділігін түсінуін, өнертану мен кәсіптік білім және іскерліктің практикада қолдана алатын тәжірибесінің қалыптасуының өзегі көркем мәдениет болып табылатын күрделі біртұтас білім» (Громакова С.В.) деп түсіндірілетін ұғымды біздің проблемамызға байланысты ұстанамыз. Себебі, мұндағы түсінікте педагогика ғылымындағы даярлықтың дәстүрлі мотивациялық, мазмұндық, процессуалдық компоненттері қамтылған.

Біздің зерттеуімізде оқушыларды қазіргі заман мәдениетіне сай кәсіпке баулу процесін жүзеге асырудың педагогикалық мүмкіндіктерін анықтау мен оны негіздеу барысында жоғарыда көрсетілген даярлықтың компоненттері негізге алынады

# Еңбекке баулу ерекшелігі.



- ? Мектеп оқушыларын еңбекке баулудың басты міндеттерінің бірі-балаларды негізінен еңбекке тәрбиелеу, қоғам игілігі үшін еңбек жасату, оқушылардың еңбекке деген көзқарастарын шығармашылық қатынаста тәрбиелеу. Еңбекке баулу сабағында баланың ой-өрісінің дамуына түсініктерінің кеңейюіне, ғылым мен техника туралы білімнің негіделуіне әсерін тигізу үшін біріншіден еңбекке баулу пәнінің мұғалімдерінің өзінің саяси сауаттылығымен бірге техникалық сауаттылығы қатар болып, білім аясы терең әрі жан-жақты болуы шарт. Екіншіден, өз бойындағы білімін мектептің бастауыш сатысында білім алып жатқан жас жеткіншектерге жеткізіп, асқан шеберлікпен меңгерте білу. Еңбекке баулу пәнінің міндеті-осы мақсаттарды шешуді көздейді. Пәннің негізгі мақсаты, жалпы білім беретін орта мектептердегі оқу-тәрбие үрдісі барысында өтілетін еңбекке баулу сабағын оқытудың әдісі мен оқытудың әдіс-тәсілдерін, формаларын игеру. Пәнге берілген жалпы сағат саны көп болмағанымен оқу материалының ауқымы көлемді. Жалпы білім беретін орта мектептерде өтілетін еңбекке баулу сабағы жасөспірім оқушылардың еңбекке ынтасын, сабаққа ықыласын арттыруда, оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуда орасан зор негіз болып табылады. Адамдардың ең бірінші өмірлік қажеттілігі-еңбек екені, сол арқылы өз бойындағы еңбек қабілеттерін дамытып отыратыны, үлкейе келе өзінің бойындағы асыл қасиеттерінен өмірлік нәр алатындығын мектеп табалдырығын аттаған жасөспірімдердің бойына ерте бастан дарыта білу керек. Педагогика ғылымының негізгі ұстанымдары бойынша бастауыш сыныптарда өтілетін барлық пәндердің ара салмағы бірдей болып саналатындығы белгілі екенін ескерсек те дегенмен әрбір пәннің өзіндік ерекшеліктері, мүмкіндіктері әркелкі болып келеді. Еңбек сабағы - мектеп оқушыларына жай ғана білім беріп қана қоймай, ең бастысы оқушыларды іздені паздылыққа, еңбекқорлыққа баулитын тәлім сабағы болып келеді. Еңбекке баулу сабақтары арқылы баланың бойында еңбек қабілеттері, дүниетанымдары кеңейе түсіп, олардың бәрін жинақтау қабілеттері, техникалық сауаттылықтары арта түседі.

Еңбек сабақтары арқылы баланың бойында еңбексүйгіштік қабілеттері дами түсіп адамгершілік қасиеттері қалыптасады және еңбек адамдары туралы түсініктері кеңейе түседі. Бастауыш сыныптарда өтілетін еңбекке баулу сабақтарында оқушылардың орныдайтын жұмыстары қаншалықты қарапайым әрі оңай болғанымен еңбек жөніндегі тәжірибесі аз балаға оны орындап шығу қиынға соғады. Бұл жұмыстар алғашқы күннен бастап мұғалімнің көмегімен жүзеге асырылып отырады. Сондықтан алғашқы сабақтан бастап түрлі жұмыстарды жүйелі түрде орындай білуге оқушыларды дағдыландырсақ, іске төселдірсек олардың қандай істі болса да атқара алатындығына сенімдері арта түседі. Ондай кездерде оқушы бойында еңбекке деген құштарлықтары, сабаққа ынтасы, ықыласы да арта түседі. Бастауыш сынып мұғалімдері жаңа оқу жылы бас кезінде әрбір жекелеген сыныптар үшін бөлінген сағат сандары бойынша бағдарлама талаптарына сәйкес атқаратын тапсырмаларды енгізе білуі тиіс. Еңбек сабағының блоктық бөлімдеріндегі жұмыс түрлерін, тапсырмаларды орындауға ыңғайлы оқу кезеңдерінің жыл мезгілдеріне байланысты рет-ретімен жоспарлай білуі тиіс. Біріншіден, бастауыш сынып мұғалімдері еңбекке баулу сабағының тақырыптарының негізгі оқу мақсатын, сабаққа қойылатын негізгі талаптарды орындай білуі керек. Екіншіден, күнделікті өтілетін әрбір сабақты сапалы әрі жауапты түрде өткізе білуі тиіс. Аталған еңбек сабағының негізгі талаптарын орындай білуін мұғалім өз-өзінен және оқушылардан талап ете білуі шарт. Сабақтың жемісті болуы мұғалімнен үлкен шеберлікті талап етеді. "Сабақ мұғалім, күнбе-күн оқушыларға білім, тәрбие беретін және жан-жақты дамытатын оқу-тәрбие процесінің негізгі саласы", деген Сухомлинский. Сабақта мұғалімнің жеке басының үлгісі оқушылар үшін маңызды екені белгілі. Бұл туралы Сухоминский былай деп жазған: "Сабақ мұғалімнің жалпы педагогикалық мәдениетінің бет-бейнесі, оның зияттық байлығының өлшемі, оның ой-өрісінің, білімдарлығының көрсеткіші".

# Еңбекке баулу үрдісінің ұйымдастыру формалары мен құралдары.

Оқушылардың құралымен оқушылар іс-әрекеті қажеттілігімен және оларды мұғалім тарапынан басқару тәсілдерімен анықталады. Еңбекке және кәсіпке баулудағы негізгі ұйымдастыру формалары болып

1. Сабақ немесе оқу.
2. Практикум.
3. Экскурция.
4. Өндірістік жағдайларға ұйымдастырылған еңбек практикасы.

Оқу материалдарын түсіндіруде, ауызша мазмұндауда төмендегідей талаптар қойылады:

1. дидактикалық принциптерде біркелкі және өз ара байланыста ұдайы сақтау.
- ? 2. Тірек білімдерді қолдану және нақтылау жолымен жаңа оқу материалдарымен меңгеру мен қабылдауға оқушыларды дайындау.
- ? 3. Тақырыпта немесе проблеманы, мақсат пен міндетті хабарлау.
- ? 4. Хабарланатын білім мен ептіліктер есебін оқу материалдарының мазмұнын іріктеу.
- ? 5. Логикалық ретілікті сақтау.
- ? 6. Аргументтілігі, делелдеушілікті сақтау.
- ? 7. Оқу материалдарын меңгеруді ұдайы басшылыққа алу.
- ? 8. Оқу материалдарын жалпылау, қорытындылау, жүйелеу, қорытындыны жүргізу, игеруді түзету.

**Оқу материалдарын ауызша баяндау және түсіндіру әдістерін қоданудың тиімділігі әдсітемелік тәсілдерді дұрыс пайдалануға байланысты.**

**Әдістемелік тәсілдер оқу тәрбие мақсатына жетуде бағаланған мұғалім мен оқушылардың жекеленген іс-әрекеті немесе әдістемелік құраушы элементтері мұғалімнің жұмыс істеу әдістерінде әр түрлі әдістемелік тәсілдер өмір сүреді немесе көрінеді.**

**Логикалық тәсілдер, оқушылардың ойлау қызметін қалыптастыру, тәсілдері, оған жататындар басты сын, маңызды сын бөлу, салыстыру, талдау, жинақтап қорыту және т.б. Техникалық тәсілдер мұғалім мен оқушы қызметіндегі құралдарды әр түрлі жабдықтарды, материалдарды, бейімдеу құралдарын, тиімді оқу құралдарын, техникалық оқу құралдарын тиімді пайдаланып қарастырады.**

**Дүниеге келген сәбидің адам болып, жеке тұлға ретінде дамуына себепкер - еңбек. Демек, еңбек тәрбиесі адам өмірі үшін ең қажет маңызды тәрбие. Сондықтан бала өміріне қажет тәрбиені және тәрбиеге қатысты маңызды мәселелерді бір ғана мақсатпен шешу мүмкін емес.**



# Оқушыларды еңбекке оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттары



1. баланың еңбекке қабілеттілігін дамытып, жетілдіру, еңбекті сүйеге баулу.
2. Баланы еңбекке машықтандыру арқылы әске икемділігін, іскерлік пен шеберлік дағдыларын қалыптастыру.
3. Еңбекті шығармашылықпен, қызығушылықпен орындауға, ерікті түрде еңбек етуге үйрету.
4. Баланың ынта- ықыласын, икемділігін, талантын бағдарлап оны дамыту.
5. Баланың өзін-өзі тану қабілетін жетілдіру және оған ықпал жасау.
6. Баланың ұлтық санасын қалыптастыру, адамгершілікке тәрбиелеу.
7. Білім және тәжірибе негізінде еңбекті сапалы, өнімді етіп жасауға және кәсіби еңбек түрі мен өнертануға баулу.
8. Ата мұраны қалыптастыру және дамыту.
9. Баланың білім деңгейін, іскерлік дағдыны игеру дәрежесін жақсарту, оқыту жүйесін жетілдіру.
10. Балаға білім алуға оңтайлы жағдай жасау, жалқаулықтан сақтандыру.
11. Бала еңбегін талдау, ынталандыру, насихаттау, мұғалім мен оқушының ара қатынасында түсіністік пен сенім орнату.
12. Еңбектің нәтижелілігін арттыру.
13. Жұмыс орнының гигиенялық тазалығыны сақтау.



**Назар  
аударғандарыңызға  
рахмет!**